

Шал ақын ауданы бойынша 2011 жылы субсидияланатын басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің тиімді мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 92 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 мамырда N 13-14-127 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2015 жылғы 12 маусымдағы N 15.1.5-11/314 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 12.06.2015 N 15.1.5-11/314 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау Қағидасының 10-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы 9 мамырға дейін субсидия алатындардың тізіміне енгізуге өтінім ұсынудың мерзімі анықталсын.
2. Қосымшаға сәйкес 2011 жылы Шал ақын ауданы бойынша субсидияланатын басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізу мерзімдері анықталсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ. Жақсыбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Әмрин

Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 22 сәуірдегі № 92
қаулысына қосымша

Шал ақын ауданы бойынша 2011 жылы субсидияланатын басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің тиімді мерзімдері

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2011.06.02 N 125 (ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі)Қаулысымен.

Дақыл	Ауыл шаруашылығы дақылдарына егісті өткізудің тиімді мерзімі
Орташакеш, орташа пісетін жаздық бидай	17 мамыр – 4 маусым
Орташаерте, пісетін жаздық бидай	28 мамыр – 8 маусым
Арпаның орташакеш пісетін сорты	25 мамыр – 30 мамыр
Арпаның орташа пісетін сорты	30 мамыр – 5 маусым
Сұлы	25 мамыр – 30 мамыр
Нұт	12 мамыр – 16 мамыр
Бұршақ	25 мамыр – 30 мамыр
Қарақұмық	25 мамыр – 30 мамыр
Тары	28 мамыр – 5 маусым
Зәйтүн (дәстүрлі технология)	13 мамыр – 20 мамыр
Зәйтүн (ең төмен, нөлдік технология)	18 мамыр – 26 мамыр
Зығыр, қыша (дәстүрлі технология)	17 мамыр – 20 мамыр
Зығыр (ең төмен, нөлдік технология)	18 мамыр – 25 мамыр
Рыжик (ең төмен, нөлдік технология)	25 мамыр – 30 мамыр
Жасымық (ең төмен, нөлдік технология)	20 мамыр – 25 мамыр
Майлытұқымдық күнбағыс	15 мамыр – 18 мамыр
Картоп	18 мамыр – 25 мамыр
Сүрлемдік жүгері	16 мамыр – 20 мамыр
Дақыл	Егісті өткізудің тиімді мерзімі
Күздік бидай	25 тамыз – 5 қыркүйек
Күздік қарабидай	25 тамыз – 5 қыркүйек
Сәбіз (тұқым)	10 мамыр – 15 мамыр
Пияз (тұқым)	10 мамыр – 15 мамыр
Қызылша	25 мамыр – 5 маусым
Қияр	18 мамыр – 5 маусым
Қырыққабат көшеті	25 мамыр – 10 маусым
Қызанақ көшеті	28 мамыр – 10 маусым
Азыққа бір жылдық шөптер: суданка шөбі, тары, могоар	1 маусым – 5 маусым
Азыққа көп жылдық шөптер: жоңышқа, түйе бұршақ, эспарцет, костер, житняк	10 мамыр – 15 мамыр
Пішенге бір жылдық шөптер:	
вика + сұлы + арпа	27 мамыр – 31 мамыр
бұршақ + сұлы + арпа	5 маусым – 7 маусым
бұршақ + азықтық тары	8 маусым – 10 маусым
бұршақ + сұлы + суданка	8 маусым – 10 маусым